



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№

26.04.2023 № 2 ге

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

**Тұрақты комиссияның  
2023 жылғы 26 сәуірдегі  
қаулысы**

**2023 жылды тамақтандыру  
бойынша балабақшаларды  
субсидиялау**

Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі - тұрақты комиссия) 2023 жылды тамақтандыру бойынша балабақшаларды субсидиялау туралы ақпаратты тыңдалған және талқылап, мыналарды атап өтеді.

Астана қаласында жалпы 66 541 баланы қамтыған 487 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді, оның ішінде: мемлекеттік – 100 (32 903 бала), жекеменшік – 384, оның ішінде 376-сында мемлекеттік тапсырыс (33 224 бала) орналастырылған, ведомстволық - 3 (414 бала).

Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 21 қарашадағы № 107-2369 қаулысына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында бір тәрбиеленушіге есептегендеге ата-ана төлемақысының мөлшері бүгінгі күні 3 жасқа дейін - 14 700 теңгені, 3 жастан 6 жасқа дейін - 16 800 теңгені, жекеменшік мектепке дейінгі мекемелерде 20 800 теңгені құрайды.

«Астана қаласының Білім басқармасы» ММ тамақ өнімдері бағасының өсуіне байланысты мемлекеттік балабақшаларда ата-ана төлемінің құнын 20 800 теңгеге дейін арттыруды көздейтін Астана қаласы әкімдігі қаулысының жобасын әзірледі.

Мемлекеттік мектепке дейінгі мекемелерде тамақтану 2023 жылға 374 774 мың теңге сомасында көзделген, оның ішінде:

- санаториялық және мамандандырылған балабақшаларда 742 балаға 149 587 мың теңге (санаториялық балабақшалар - № 28, 46 және мамандандырылған балабақшалар - № 23, 96, 64);

- инклузивті және түзету топтарында 1 117 балаға 225 187 мың теңге қарастырылған.

Алдын ала деректер бойынша мектепке дейінгі ұйымдарда халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын отбасылардан 6 517 бала тәрбиеленуде. Оларды тегін тамақпен қамтамасыз ету үшін 2023 жылғы 1 қыркүйектен 29

желтоқсанға дейін тамақтану құны 20 800 теңге есебімен 542 214,4 мың теңге мөлшерінде бюджет қарожатын бөлу талап етіледі.

«Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық мониторинг және жедел ден қою орталығы» ШЖҚ МҚК (iKomek) ұсынған ақпаратқа сәйкес балабақшаларда тамақтандыруға қатысты 13 шағым түскен. Шағымдардың көп бөлігі тағамнан улану, бекітілген мәзірге сәйкес келмейтін аз, үйлестірілмеген тағам, балабақша тарапынан тамақтану үшін қосымша ақы белгілеуге қатысты.

Депутаттар тұрақты комиссия отырысына дайындық шенберінде бірқатар балабақшаларды аралады, нәтижесінде нақты бекітілген мәзірге сәйкес келмеу фактілері, ас блоктарының антисанитариялық жағдайы, балабақша ғимараттарының қанағаттанарлықсыз жағдайы, тұрғын үй кешендерінде орналасқан балабақшалардың жеке ойын алаңдарының болмауы атап етілді. Сонымен қатар, қаланың барлық балабақшаларында қолдану ұсынылатын «Бәйтерек» балабақшасындағы басқарудың оң тәжірибесі атап етілді.

Отырыс барысында депутаттар аудандарды салу кезінде мемлекеттік мектепке дейінгі мекемелердің құрылышын жоспарлау қажеттігін, бұл ретте жекеменшік балабақшаларды ашу бойынша талаптарды қатаңдату қажеттігін атап етті.

Астана қаласының Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің деректері бойынша 2023 жылдың ағымдағы кезеңінде «Данышпан» жекеменшік балабақшасында тамақтану сапасына, антисанитарияға, 70 балаға санитарлық-эпидемиологиялық қорытындының жоқтығына (СЭҚ 30 балаға арналған) және «А+Семья» жекеменшік балабақшасында рұқсат беру құжаттының, ойын алаңының және жеке кіретін жерінің жоқтығына байланысты шағымдар негізінде 2 жоспардан тыс тексеру жүргізілген. Жоспардан тыс тексеру нәтижелері бойынша шағымдарда баяндалған фактілер расталды, осыған байланысты бұзушылықтарды жою және әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы нұсқамалар жіберілді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы

### **ҚАУЛЫ ЕТТИ:**

1. 2023 жылы тамақтандыру бойынша балабақшаларды субсидиялау жөніндегі ақпарат назарға алынсын.

2. «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ:

елорданың балабақшаларында балалар тағамы жүйесін жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру;

объектіге санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны уақтылы алуды қамтамасыз ету;

балабақшалардың ас блоктарының технологиялық және тоңазытқыш жабдықтармен жарақтандырылуына, санитарлық-техникалық жай-күйіне тексеріс жүргізу;

ағымдағы жағдайды талдау қорытындысы бойынша балабақшалар жетіспейтін орындар көрсетілген карта ұсыну;

балалардың тағамға деген сұранысын ескере отырып, балалар тағамы мәзірін қайта қарау;

ас блогы қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды, штатқа диетологты енгізуі қамтамасыз ету;

балабақшаларды ашу үшін талаптарды қатаандату бойынша ұсыныстар енгізу;

«Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық мониторинг және жедел ден қою орталығы» ШЖҚ МҚК (iKomek) тамақтандыру бойынша балабақшаларға қатысты келіп түсken шағымдарда көрсетілген бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдау;

мұдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп балалар мен ата-аналар арасында дұрыс тамақтануды насихаттау және тамақтану мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізу ұсынылсын.

3. «Астана қаласының Құрылыш басқармасы» ММ, «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ мұдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп:

құрылыш нормалары мен қағидаларында көзделген кезеңділікпен мектепке дейінгі мекемелерді күрделі және ағымдағы жөндеу жөнінде уақтылы шаралар қабылдау;

балабақшаларға техникалық тексеру жүргізу, оларды жөндеу, оның ішінде «Ер Тестік» балабақшасында шатырдан су ағуын жою бойынша шаралар қабылдау;

мемлекеттік балабақшаларға жапсарлас құрылыштар салу перспективаларын зерделеу;

ғимараттарды жобалау кезінде ойын алаңы үшін аймақ бөле отырып, үйлердің бірінші қабаттарында балабақшалар орналастыруды көздеу ұсынылсын.

4. «Астана қаласының Сәulet, қала құрылышы және жер қатынастары басқармасы» ММ, «Астана қаласының Құрылыш басқармасы» ММ, «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ басқа да мұдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп:

қаланың әр ауданында мемлекеттік мектепке дейінгі мекемелер салу мүмкіндігін зерделеу ұсынылсын.

5. «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ-не «Астана қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы» ММ-мен бірлесіп, балабақшалардың ас блоктары мен асханаларында онлайн бейнебақылау орнату мүмкіндігін қарастыру ұсынылсын.

6. «Астана қаласының Сәulet, қала құрылышы және жер қатынастары басқармасы» ММ елорданың қала құрылышы кеңесінің құрамына «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ өкілін енгізу мүмкіндігін қарастыру ұсынылсын.

7. «Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы» ММ мектепке дейінгі мекемелерде тамақтандыруға бөлінген қаражаттың пайдаланылуына аудит жүргізу ұсынылсын.

8. Мемлекеттік органдар осы қаулының орындалуы жөнінде ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде ұсынсын.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының  
әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі  
тұрақты комиссиясының төрағасы**

 A. Смагұлов